



**ШЕШІМ**

**РЕШЕНИЕ**

2020 жылғы 14 қазаны

№ 56-508-VI

Сарыағаш қаласы

город Сарыағаш

**Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы  
№53-472-VI «Сарыағаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру  
және өткізу тәртібі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабының 2 тармағына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №53-472-VI «Сарыағаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5731 тіркелген, 2020 жылғы 28 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының бірінші абзацына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы «арнайы орындардың» деген сөздер «арнайы орынның» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы кестеден кейінгі мәтіннің төртінші абзацындағы «Заңда» деген сөз «Осы Заңда» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы кестеден кейінгі мәтіннің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық маңызы бар «Шымкент-Шыназ» жолымен және Сабыр Рахимов көшесімен шектесетін Сарыағаш қаласының Ө.Жамансариев көшесіндегі жүру маршрутымен танысу».

2. «Сарыағаш аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы**

**К. Пердекулов**

**Сарыағаш аудандық  
мәслихат хатшысы**

**Б. Садыков**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 28.10.2020

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 5865 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 27.10.2020 11:05:08, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Секретарь маслихата Сарыағашского района Бахытжан Молдабекович Садыков, 27.10.2020 11:09:35, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Қайрат Куралбаевич Пердекулов, 27.10.2020 11:11:14, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель Мухит Бекетович Тургараев, 27.10.2020 17:42:48, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі